

Бекітемін

Келісемін

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА

«Тайтөбе ауданының жалпы
орта білім беретін мектебі»

Директордың ғылыми-
әдістемелік ісі жөніндегі

ҚАРАЛДЫ
Хаттама № 1

КММ мектеп директоры

орынбасары

Бірлестік жетекшісі

С.Б.Өміртаева

 С.Б.Өміртаева

 С.Н.Усенова

«29» 08 2024ж

«27» 08 2024ж

**«Математика өмірде» таңдау пәнінің
күнтізбелік – тақырыптық жоспары
2024 – 2025 оқу жылы**

Сынып жетекшісі: Жакыбаева Г.Н

Сыныбы: 1 «Б»

КІРІСПЕ

«Ақыл – ойды тәртіпке келтіретін математика, сондықтан оны оқу керек» М.В.Ломоносов.

“Математика өмірде” әдістемелік құрал мектеп мұғалімдері мен арнайы мамандарға көмек ретінде құрастырылған. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді атқарады. Ойынның мақсаты психикалық дамуы тежелген балаларға математикалық білім, білік және дағдылары жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қайталау және пысықтау, немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеттері баланың қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Кітапшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бағдарламасы бойынша дидактикалық ойындар сипатталған. Балалардың танымдылық қабілетін дамытып, пәнге қызығушылығын

арттырудың негізгі бір жолы – дидактикалық ойындар. Ойынды мұғалім баланың ойлау іс-әрекетін жандандыруға арналған әдістемелік тәсіл ретінде қолданады. Жаңа тақырыпты түсіндіру, оны пысықтау үшін өткен тақырыпты еске түсіріп, қайталау үшін дидактикалық ойындарды пайдалану қажет. Құралда әрбір ойынның мазмұны, дидактикалық мақсаты берілген. Ойнау ережелері қарапайым, тапсырмалар балалардың өздері орындауға шамасы жететіндей етіп сұрыпталған. Ойындардың мазмұны математикалық білімдерді ұғыну, қосу, санау, салыстыру, айырмашылығын көрсету, орналастыру, тағы басқа ұғымдарын ойын арқылы жетілдіру. Осы құралдың көмегімен балалардың математика саласындағы құпияларын танып, жаңалықтар ашады. Ойын барысында баланың көңіл-күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлануға, талдау жасауға, үйренуін, танымдылық, шығармашалық қабілеттерін шыңдау мұғалімге байланысты.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4-бет
Аннотация	
.....	5-бет
Түсінік хат.....	6-бет
1-сынып	
Бағдарлама мазмұны.....	7-бет
Тақырыптық- күнтізбелік жоспар	8-10 бет
Қысқа мерзімді жоспар	11-71 бет

Зерттеу мақсаты: Математикадан қызықты, яғни логикалық есептерді шығару және қолдану жолдарын зерттей отырып, оқушы білімін, нәтижесін өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

Зерттеу кезеңдері:

1. Түрлі бағыттағы логикалық есептерді шығару
2. Өз бетімен есептер шығару
3. Тақырыпты ашуда А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева «Қызықты математика» , С. Ерубаеттың «Қазақтың байырғы есептері» деген жұмыстарын басшылыққа алып, логикалық есептердің маңыздылығын ашып көрсету.

Эксперимент әдістемесі: Логикалық есептерді шығару, өз бетімен есептер құру, интернет жүйесін қарау, баспасөз беттерінен материалдар жинау арқылы логикалық есепті шеше білуге қызығушылығын арттыра отырып, өз бетімен жұмысжасай білуге үйрету

Зерттеу жаңалығы: Негізінен логикалық есептер шығаруда өзінің білім деңгейі көтеріледі. Кең ауқымды есептерді шешуде зерттеу, ойлау қабілетін дамытып, жаңа іс – қимылға жетеледі. Пәндік икемділігі қалыптасты.

Жұмыстың нәтижесі мен қорытындысы: Ғылыми жұмысты орындаушы өз талдауларын қорытындылай келіп, жоғарыда келтірілген логикалық есептерді шығару және қолдану жолдарының тиімділігін, олимпиадалық есептерді шешуде, халықтық есептерді шешуде, математика сабағында тақырыпты жеңіл ұғынуға болатынын дәлілдеуге ұмтылған және мектеп бағадарламаларында көбірек берілсе деп түйін жасайды.

Теориялық және практикалық маңыздылығы: Түрлі бағыттағы логикалық есептердің шығарылу жолдарымен дәлілдеуге ұмтылған. Өзіндік ой қорыту, нақты тұжырым жасау және зерттеу дағдысы оқушы бойында қалыптаса бастаған.

Түсінік хат

Таңдау курсының бағдарламасы бастауыш сыныптар оқушыларымен ұйымдастырылатын танымдық курсының, 1 сыныпқа арналған бағдарламасы, оларды ұйымдастыру тәртібі және қажетті деген қосымша материалдар берілген. Бастауыш сыныптарда жүргізілетін «Математика өмірде» танымдық курсы. Бұл бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай алынған және олардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар бөлініп көрсетілген. Бұл жинақ математика пәніне көмекші таңдау курсының бағдарламасы ретінде пайдаланылады. Ұсынылып отырған таңдау курсы бастауыш сыныптарда оқытылатын негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдету, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Жас буын түрліше құбылыстың сырына құмартып, әр нәрсеге әуестеніп, жауап іздейді. Осы құштарлықты арттыруға, ой-өрісін бағыттап, кеңейтуге танымдық курста қаралатын жұмыс түрлері жауап береді. Танымдық курста математика тілін пайдалану арқылы тіл мәдениетін дамытуға, салыстыру, талдауға, синтездеу, индукция мен дедукция, аналогия арқылы тұжырым жасауға үйренеді. Танымдық курсқа қатыстыру арқылы оқушыларды ұйымшылдыққа, коллектив намысы үшін күресуге баулимыз. Оған қатысатындарды жігерлендіріп, қолдап, қызығушылықтарын оятып отыру керек. Осы мақсатта жұмбақтарды, өлең есептерді, санамақтарды, ребустарды, фокустарды, таяқшалар мен ойындарды, басқатырғыштарды, графикалық диктанттарды пайдалану тиімдірек келеді. Оқу құралында алынған тапсырмалар пайымдауға, шығармашылық тұрғысынан ойлауға, өз беттерінше шешім қабылдауға және қорытынды жасауға үйретеді.

Оқу жиілігі: 1 сағаттан, жыл бойы 1-сыныпта 33 сағат

Мақсаты: оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыра отырып, түрлі тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ақыл – ойын, есте сақтау, зейін, сөйлеу, ой ұшқырлығы қабілеттерін дамыту, олардың бойында ибалық, байсалдық, тапқырлық, шыдамдылық, шапшандық қасиеттерді қалыптастыруды жетілдіруге тәрбиелеу. Бағдарламаның мақсаты мына міндеттерді орындауға бағытталады.

Міндеттері:

- оқушылардың есептеу дағдысын жетілдіру;
- логикалық ойлау қабілетін арттыру;
- математика тілін пайдаланып тіл мәдениетін дамыту;
- дүниетанымын кеңейтіп, есепке деген құштарлығын арттыру;
- оқушылардың бойына жағымды қасиеттерді дамыту;
- білім, білік, дағдыларын өмірде қолдана білуге дағдыландыру;

Бағдарламаның мазмұны

«Математика әлемі» бағдарламасы 1-сынып

(барлығы 33 сағат, аптасына 1сағат)

1 сыныпқа арналған математика таңдау курсының бағдарламасы аптасына 1 сағат, жыл бойына 33 сағатқа арналған. Бағдарлама 4 бөлімге бөлінген.

I бөлім. Есте сақтауды дамытуға арналған тапсырмалар 8 сағ

Дидактикалық ойындар арқылы есте сақтауды дамытуға арналған тапсырмалар орындатылады. Сандардың қатар орналасуы мен кері санау өзіндік жұмыс ретінде алынады.

II бөлім.Сөйлеуді қалыптастыруға арналған бағдарламалар 8 сағ

«Көңілді санамақ», «Математикалық жұмбақтар», «Жаңылтпаштар» айтқызу және дидактикалық ойындар арқылы сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылардың дұрыс сөйлеу қабілеттерін, қойылған сұраққа толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру .

III бөлім. Зейінді қалыптастыруға арналған бағдарламалар 9 сағ

Танымдық тапсырмалар, логикалық есептер, дидактикалық ойындар арқылы тапсырмаларды қызығушылықпен зейін қойып орындау қарастырылған

IV бөлім.Ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар 8 сағ

Математикалық ребустар, жұмбақтар шешіп, қызықты квадраттарды толтыруға, сиқырлы шаршы тапсырмаларын өзбеттерімен құрастыруға арналған тапсырмалар қарастырылған.

Мақсаты: Оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды орындау барысында пәннен алған білімдерін жетілдіру және ойлау, есте сақтау дағдыларын, зейінін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

Міндеті:

- оқушылардың сандар туралы білімін жетілдіру;
- ойлау, есептер шығару қабілетін арттыру;
- математикалық тілін дамыту;
- алған білімді қолдана білуге үйрету;
- қызықты квадраттарды толтырта отырып, есептеу дағдыларын дамыту;
- ойын арқылы математикалық білімін қалыптастыру.

Математика әлемі 1 сынып. 33 сағат. Аптасына 1 сағат

Реті	№	Мазмұны	Сағат саны	Күні	Қолданылатын әдебиеттір	көрнекіліктер
I «Есте сақтауды дамытуға арналған тапсырмалар» 8 сағат						
1	1	«Жеміс жинау» ойыны	1	06.09	Т.К. Жикаликена «Дидактикалық ойындар»	Дидактикалық материалдар
2	2	Санды тура және кері санау	1	13.09	Ә.Б. Ақпаева. Математика 1 сынып	Сандар тізбегі
3	3	Заттардың ұзындығын өлшеу	1	20.09	Дидактикалық ойындар	
4	4	Сандардың жазылу элементтерін салу.	1	24.09	Ә.Б. Ақпаева. Математика 1 сынып	Дидактикалық материалдар
5	5	Заттар тобын салыстыру	1	04.10	Дидактикалық ойындар	
6-7	6-7	Заттарды ретімен санау	2	11.10-18.10	Ә.Б. Ақпаева. Математика 1 сынып	
8	8	Геометриялық фигуралар	1	08.11	Дидактикалық ойындар	топшамалар
II «Сөйлеуді қалыптастыруға арналған тапсырмалар» 8 сағат						
9	1	Көңілді санамақтар	1	15.11	О.В. Лысова, О.В. Кутянина «Сказочные задачи» 1 сынып	топшамалар
10	2	Математикалық санамақтар	1	22.11	Дидактикалық ойындар	
11-12	3-4	Математикалық жұмбақ шешу. «Бұл не?»	2	29.11-06.12	Математика-ғасыр кілті	Жұмбақтар жинағы
13-14	5-6	Логикалық есептер	2	13.12-20.12	Танымдық тапсырмалар	топшамалар
15	7	«Көршілерін ата» ойыны	1	24.12	Дидактикалық ойындар	
16	8	«Математикалық телефон» ойыны	1	10.01		
III «Зейінді қалыптастыруға арналған тапсырмалар» 9 сағат						
17-18	1-2	«Поле чудес» ойыны.	2	17.01-24.01	Ш.Х. Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар»	Дидактикалық материалдар
19	3	«Менің орным қайда?» ойыны	1	31.01	Алматы кітап баспасы Логикалық есептер	Дидактикалық материалдар

20	4	«Есте сақта» ойыны	1	07.02	О.В. Лысова, О.В. Кутянина «Сказочные задачи» 1 сынып	
21	5	Көру диктанты	1	21.02	Дидактикалық ойындар	слайд
22	6	«Байқағыш бала» ойыны	1	28.02	Дидактикалық ойындар	
23	7	Ойнайық та, ойлайық!	1	07.03	О.В. Лысова, О.В. Кутянина «Сказочные задачи» 1 сынып	
24	8	Халық өлшемдері	1	14.03	Дидактикалық ойындар	Дидактикалық материалдар
25	9	Жасырылған сөз(кроссворд)	1	04.04	Ш.Х. Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар»	
IV «Ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар» 8 сағат						
26	1	Математикалық жұмбақ шешу.	1	11.04	Танымдық тапсырмалар	слайд
27	2	Математикалық ребус шешу, құрастыру.	1	18.04	О.В. Лысова, О.В. Кутянина «Сказочные задачи» 1 сынып	
28	3	Қызықты квадраттар толтыру	1	25.04	Логика әлемі	
29	4	«Кім шапшаң?» ойыны. Өрнектің мәнін табу.	1	02.05	Ш.Х. Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар»	Дидактикалық материалдар
30	5	Басқатырғыш тапсырмалар	1	02.05	Логика әлемі	топшамалар
31	6	Сиқырлы таяқшалар	1	16.05	Логика әлемі	топшамалар
32	7	Логикалық есептер шығарту.	1	16.05	О.В. Лысова, О.В. Кутянина «Сказочные задачи» 1 сынып	
33	8	Математикалық жаттығулар	1	23.05	Ә.Б. Ақпаева. Математика 1 сынып	